

Шадқам З., Базаркулова Б.К.

**Шағатай тілі және
оның даму кезеңдері**

Соңғы жылдары елбасымыздың қолдауымен мәдени мұра бағдарламасы шеңберінде Қазақ елінің тарихына қатысты деректерді әлемнің түкпір-түкпірінен жинап әкеліп, оларды зерттеу үшін үлкен қаражат бөлініп, қолдау көрсетіліп жатыр. Сол деректердің көп бөлігі ұзақ жылдар бойы қазақ халқы үшін бейтаныс болып қалған шағатай тілінде жазылған. Біз бұл мақалада шағатай тілі туралы жазылған түркиялық ғалым проф. М. Арғуншаһдың «Шағатай түрікшесі» атты еңбегіне сүйене отырып, шағатай тілінің қалыптасуы туралы мәлімет беруге тырысамыз. Себебі, орта ғасырлардан бастап XX ғасыр басына дейін ата-бабаларымыз қолданған тілді білу дегеніміз өз тарихымызды аудармалардан емес шағатай тіліндегі түпнұсқалардан оқып білу, бұның қазіргі кезеңде қазақтың ұлттық санасының дұрыс қалыптасуында, тарихымызды өзгелерден емес түпнұсқадан білуде маңызы өте зор. Сондықтан бүгінгі таңда шағатай тілінің тарих, қазақ филологиясы, шығыстану, түркітану мамандықтарында міндетті пән ретінде оқытылуы қажет екендігін қабылдау керек деп ойлаймыз.

Түйін сөздер: Орта ғасыр, шағатай тілі, Орта Азия.

Shadkam Z., Bazarkulova B.K.

**Chagatai language and periods of
its development**

Recently with the support of our President a lot of information is gathered and a big sum of money is allocated in order to research our Kazakh people's history with the program cultural heritage. Most of the facts that were unknown for Kazakh people were written in Chagatai language. In this article we will try to give information about the development of Chagatai language using Turk professor M.Argunshah's work "Chagatai's Turkish" which was written about Chagatai language. Because, as our ancestors spoke in this language from the middle ages to the beginning of XX century it is very important to learn from the original source of information instead of using translation in order to establish Kazakh national consciousness. Therefore, nowadays we believe that we should include Chagatai language as the obligatory subject to the professions like History, Kazakh Philology, Oriental Studies and Turkish Studies.

Key words: The Middle Ages, Chagatai language, Central Asia.

Шадқам З., Базаркулова Б. К.

**Чагатайский язык и периоды
его развития**

В последние годы, при поддержке Главы государства, в рамках программы «Культурное наследие» собирается многочисленное количество данных по истории казахского народа со всего мира, также выделяются средства на исследования, оказывается огромная поддержка. Чагатайский язык использовался нашими предками от средневековья и до начала XX века, и большинство данных были написаны на Чагатайском языке, который в течении длительного времени оставался неизвестным казахскому народу. Считаю очень важным изучение языка предков для формирования национального самосознания, а также знание чагатайского языка поможет изучить историю не с перевода источников, а с языка, текста оригинала. Поэтому, считаем необходимым изучение чагатайского языка в качестве обязательной дисциплины в таких специальностях как история, казахская филология, востоковедение, тюркология.

Ключевые слова: средневековье, чагатайский язык, Средняя Азия.

ШАҒАТАЙ ТІЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Шағатай тілі XV ғасырдан XX ғасырдың басына дейін Осман мемлекетінен тыс орналасқан Азиядағы шығыс түркілерінің жазба және сөйлеу тілі болған. Көне түркі тілінен кейін қалыптасқан қараханид тілі барлық түркілердің ортақ жазба тіліне айналды. Қараханид мемлекеті ыдырағаннан кейін бір жағынан, хорезм тілі, екінші жағынан, қыпшақ тілі таралды. Бұл тілдер өтпелі кезеңде пайда болды, сондықтан XIV ғ. аяғында Орта Азияда Әмір Темір түркілердің басын біріктірген соң, олардың орнын ортақ бір тіл, яғни шағатай тілі иеленді. Әмір Темір билігі кезеңінен бастап түркі тайпалары шоғырланған аймақтарда дамыған мәдени-ғылыми ошақтарда кеңінен таралған шағатай тілі, жан-жаққа шашырап кеткен түркі тілдерін біртұтас қалыпқа келтіріп, XX ғ. басына дейін қолданыста болған. Шағатай тілі XV ғ. бастап Әмір Темір, Шайбани, Бабыр империясы мен Хиуа және Қоқан хандықтарында ресми мемлекеттік тіл ретінде қолданылған.

Шағатай – Шыңғыс ханның төрт ұлының ішіндегі екіншісінің аты. Ол Түркістанда 1345 жылға дейін өмір сүрген Шағатай хандығының негізін қалаушы. Шағатай хандықты 1242 жылға дейін, яғни өзі қайтыс болғанға дейін билеп келген. Шағатай атауы монғолдар құрған мемлекет пен оның халқының аты ретінде Шағатай ханның өлімінен кейін қолданылған.

Монғолдар империясының негізін қалаған Шыңғыс хан 1227 жылы қайтыс болғаннан кейін, оның орнына ұлы хан ретінде Үгедей отырған кезде Дешті Қыпшақ, Иран, Әзербайжан және Кавказ елдері де Монғол империясының құрамына енген. Қытайдан Анадолыға дейінгі аймақта Шыңғыс хан ұрпақтары Орталық хандық, Жошы, Шағатай және Илхандар ұлыстарының негізін қалады. Ұлы монғол ханы билігінен тыс, Жошы, Шағатай және Илхандар мемлекеті аумағындағы халықтың көп бөлігін түркілер құраған. XIII ғасырға дейін маңызды орынды иеленген ұйғыр, қарлұқ, яғма, чигил, қыпшақ және қаңлылар сияқты түркі тілдес тайпалар елдік және мемлекеттік жүйесін жоғалтып, монғол шапқыншылығынан кейін ыдырап кетеді. Түркілердің бір бөлігі Қара теңіздің солтүстігіндегі Алтын Орда мемлекетінің құрамына, екінші бір бөлігі Хорезм аймағынан тыс орналасқан Түркістан мемлекетін толығымен қамтитын, түркі халқының

ең көп шоғырланған Шағатай хандығының қол астына кіреді [3, 5-7].

Моңғолдардың Орта Азияға шапқыншылығы кезінде бүкіл Түркістан жері қирап, талан-таражға ұшырап, халқы қырылды. Бұл жылдарда Қараханид және Селжұқ мемлекеттерінің қалыптастырған мәдениет және өнер орталықтары да өртеліп жойылады. Шағатай хандығында (1227-1345) ұзақ жылдар бойы мәдениет пен өнерге қолдау көрсетуге бағытталған қызмет те болмаған. Бірақ, бұл кезеңде Шағатай хандары түркі тілінде сөйлеген, мемлекеттік ресми ортада ұйғыр әліпбиін білетін бақсылар қызметте болған, Орта Азияның әдеби тілін ресми тіл ретінде қолданған. Осыған қарамастан, бұл кезеңде түркі тілінде жазылған бірде-бір шығарма қазіргі күнге жетпеген. Осы кездерде Хорезм – Алтын Орда аймағында жазбаша әдебиет қалыптасып, түркі тілінде көптеген шығармалар жазылған. Бұл хандық ыдыраған соң шамамен 50 жылдан кейін, Темір билігі кезеңінде шағатай тілі мен әдебиетінің алғашқы шығармалары тарала бастаған. Өйткені, Әмір Темірдің билікке келуімен Түркістанда мәдениет және өнер саласы қайтадан жандана бастайды [1, 16].

Шағатай хандығы 1361 жылы жойылғаннан кейін де көшпенді шағатай елі өз атауын сақтап, XVI ғ. басында Темір мемлекеті ыдыраған соң көшпелі өзбектермен араласып кетеді. Шағатай атауы осыдан кейін де жоғалмаған, қарақалпақ және өзбек халықтары арасында шағатай тайпалары ұзақ уақыт бойы өмір сүрген.

Алғашқы шығармалары Темір билігі кезеңінде пайда болған тілге шағатай атауын беру көптеген пікір – таластардың пайда болуына себеп болған. Себебі, шағатай тілі деп аталған бұл тіл Шағатай хандығы (1242-1345) кезеңінде пайда болмаған.

Шағатай ұлысында өмір сүрген көшпелі түркі тайпаларын атау үшін қолданылған «шағатай» терминін, кейіннен жазушылар мен тарихшылар «Темір мемлекетінің түркі халқы, Темір түркілері» деген атау үшін де қолданған. Осы кезеңде дамыған тілді түсіндіру үшін де «шағатай тілі», «шағатай түркісі» терминдері пайда болған. Бұл ретте, Шағатай кезеңінің жазушылары мен ақындары өз тілдеріне «*Türki*/түркі, *Türk tili*/ түркі тілі, *Türki til*/ түркі тіл, *Türk lafzı*/түркі лафзы, *Türk elifazı*/түркі элфазы, *Türkçe*/түркіше, *Türkçe til*/түркіше тіл» терминдерін қолданған еді. Науаи түркіше деген сөздің орнына «*Çağatay lafzı*/чағатай лафзы» терминін қолданған еді. *Mizanü'l-evzân*/ мизан-ул эвзанда «туюғ» сөзін: «*Түрік халқы, әсіресе Шағатай халқы ішінде тараған ырғақ*»

деп түсіндіргенде, түрік және шағатай сөздерін бөлек мағынада қолданған. Абылғазы Бахадур хан «Шежере-и Теракимеге» кіріспесінде Темір билігі кезеңінде араб және парсы сөздерімен аралас тілге *Шағатай тілі* деген екен.

Мұхаммед Салих өзінің Шайбан хан билігі кезеңінде жазған «*Шайбанинама*» атты тарихи еңбегінде «шағатай» сөзін Әмір Темір кезеңіндегі түркілерге байланысты қолданған еді. Темір түркілері кезеңіндегі қызметінен кейін Шайбаниларға (өзбектер) қызметке ауысқан бұл ақын өзбектер қоршауға алынған Самарқанд елшілерімен сөйлескен Шайбан ханның айтқан сөзін былай келтіреді:

Бил ки мин барчага мушфикдур-мин (Біл мен баршаға мейрімдімін)

Барча ул бирле мувафыкдкр-мин (Барша елмен біргемін)

Чағатай ул мини Өзбек димесун) (Шағатай елі мені өзбек демесін)

Биһуде фикр қылып гам йимесун. (Бекер ойланып қам жемесін)

Мұхаммед Салих аталған еңбекте оны ескі таныстары сатқындық жасады деп айыптағанын түсіндіргенде де Темір кезеңіндегі түркілерге байланысты шағатай сөзін қолданады:

Син Чағатай илй-син (Сен Шағатай еліненсің)

Уибу йирде Чағатай хайлы-син (Бұл жерде Шағатай қаумынансың)

Ни дип Өзбек биле явар болдың (Неге Өзбекке дос болдың)

Ханга бу яаңлық чакер болдың – деді. [2,11] (Ханга сонша нүкер болдың)

Бұл атауды алғаш рет Армин Вамбери қолданған. Вамбери 1867 жылы Лейпцигте басылып шыққан *Çagataische Sprachstudien* (Шағатай тілі зерттеулері) атты кітабы арқылы бір дәуірдің тілінің «шағатай тілі» аталуына және қолданылуына себепкер болды. Мажар Жозеф Тюри, неміс Мартин Хартман және басқа да түркітанушылар шағатай сөзін осы мағынада қолданып, кеңінен таралуына әсер еткен. Осман империясы кеңістігінде шағатай түрікшесі–османлы түрікшесі сөздігін жазған Бұхаралы Шейх Сүлейман эфәнди де «*Lugat-i Çagatay*» (Луғат-и чағатай) терминін алғаш қолданғандардың бірі.

Одан кейінгі жылдарда шағатай түрікшесі үшін «шығыс түрікшесі» және «өзбекше» терминдері қолданылса да, «шағатай тілі» терминідей таралмаған. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында ресейлік түркітанушылар шағатай сөзінің мағынасын тарылтады. В. Радлов және Ф.Е. Корш шағатай тілі кезеңі ретінде тек көне ұйғыр тілінен кейінгі кезеңді зерттеген.

Самойлович, Көпрүлү, Щербак, Экманн және т.б. түркітанушылар шағатай тілін топтастырып, бірнеше кезендерге бөледі:

Самойлович 1928 ж. Ленинградта жарияланған еңбегінде ескі түркі тілі негізінде қалыптасқан шығыс түркі тілін алғаш рет топтастырды. Оны төрт топқа бөлген. Самойлович бұл классификациясында шағатай түрікшесі терминін XV-XX ғ. аралығында пайдаланылған Орта Азия әдеби тілі үшін қолданған:

Қараханид түрікшесі немесе Қашқар түрікшесі (XI-XII ғ.)

Қыпшақ-Оғыз түрікшесі (XIII-XIV ғ.)

Шағатай тілі (XV- XIX ғ.)

Өзбекше (XX ғ.)

Екінші маңызды классификация Фуат Көпрүлүнікі болып табылады. Ф. Көпрүлү пікірі бойынша, «Шағатай түрікшесі кең мағынада қолданылады. Моңғол шапқыншылығынан кейін Шыңғыс хан балалары құрған Шағатай, Илхандар және Алтын Орда мемлекеттерінің мәдениет ошақтарында XIII-XIV ғ. дамыған және Әмір Темір дәуірінде, әсіресе XV ғ. Орта Азияның бай және классикалық әдебиетін қалыптастырған тілі деп қарастырады.

Көпрүлү шағатай тілін 5 кезеңге бөле отырып зерттеген:

Ерте шағатай кезеңі (XIII-XIVғғ.)

Классикалық кезеңнің басы (Науаиге дейін, XV ғ. бірінші жартысы)

Классикалық шағатай кезеңі (Науаи кезеңі, XV ғ. екінші жартысы)

Классикалық кезеңнің жалғасы (Бабыр және Шайбанилар кезеңі, XVI ғ.)

Құлдырау және күйреу кезеңі (XVII-XIX ғ.)

Ахмет Джафероглу мен Кемал Ераслан да шағатай түрікшесін Көпрүлүнің берген классификациясы бойынша зерттеген [1,18].

Шағатай түрікшесін зерттеуде маңызды орынға ие болған ғалымдардың бірі Янос Экманн шағатай түрікшесін XI ғасырдан XIX ғасырдың соңына дейін созылған Орта Азиялық

ислам-түрік жазба тілі дамуының үшінші сатысы ретінде қарастырады: Бірінші сатысы – Қараханид немесе Хаканийе түрікшесі (XI-XIII ғ.), екінші сатысы – Хорезм түрікшесі (XIVғ.) және үшінші сатысы шағатай түрікшесі (XV-XX ғ. басы). Шағатай түрікшесі туралы негізгі көзқарастардың ішінде Экманн Самойловичтің пікірін қабылдайды. Экманн шағатай тілінің даму барысында өзгерістерге ұшырағанын ескере отырып, оны 1958 және 1960 жылдары жарияланған алғашқы зерттеу жұмыстарында 4 кезеңге бөлген:

Ерте шағатай түрікшесі немесе Науаиға дейінгі шағатай түрікшесі кезеңі. Бұл кезең XVғ. басынан шамамен Науаидің алғашқы еңбектері жарияланған 1465 жылға дейін жалғасады. Хорезм – Алтын Орда мен Науаи арасындағы өтпелі кезең.

Классикалық шағатай түрікшесі кезеңі (1465 ж. – XVI ғ. ортасы)

Классикалық кезеңнен кейінгі шағатай түрікшесі кезеңі (XVII ғ. соңына дейін)

Кейінгі шағатай түрікше кезеңі (XVIII-XIX ғ.)

Одан кейін 1966 жылы жариялаған *Çağatayca El Kitabı* атты еңбегінде Экманн бұл көзқарасын өзгертіп, шағатай тілінің дамуын үш кезеңге ауыстырады:

Ерте классикалық кезең (XV ғ. басынан Науаидің 1465 ж. шыққан алғашқы диван жүйесіне дейін)

Классикалық кезең (1465-1600)

Классикалық кезеңнен кейінгі кезең (1600-1921)

Мұстафа Джанполаттың классификациясы да Экманнға жақын.

Ерте немесе Науаиге дейінгі кезең (XV ғ. бірінші жартысы)

Классикалық шағатай тілі кезеңі (XVғ. екінші және XVI ғ екінші жартысы)

Классикалық кезеңнен кейінгі кезең (XVI ғ. алғашқы жартысынан бастап XIX ғ. соңына дейін) [4, 12].

Әдебиеттер

- 1 Argunşah M. *Çağatay Türkçesi*, Kesit yayınları, – Ankara, 2013. – 381 б.
- 2 Eckmann J., çeviri: Prof. Dr. Karaağaç G. *Çağatayca El Kitabı*, Kesit yayınları, – Ankara, 2012. – 316 б.
- 3 Kafalı M. *Çğatay Hanlığı*(1227-1345), Berikan yayınevi. – Ankara, 2005. – 389 б.
- 4 Teres E. *Çağatay Türkçesi* (dilbilgisi ve metin çalışmaları), Sürat yayınları, – İstanbul, 2013. – 224 б.